Дюсенов Багдат Данияровичтің
«Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштер – тілдік-мәдени дереккөз («ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийа» материалдары негізінде)» тақырыбындағы
«8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына
АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыста XIII-XVII ғасырларда Мәмлүктер кезеңінде Египет пен Сирияда түзілген жазба ескерткіштер, соның ішінде араб-түркі-қыпшақ тілдеріндегі сөздіктердің тілдік-мәдени дереккөз ретіндегі маңызы қарастырылады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Шығыстану ғылымының құрамдас бір бөлігі түркітану саласының дамып жетіле түсуі үшін ғылымда «Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштері» деген атпен танымал XIII-XVII ғасырларда жазылған жәдігерлерді зерттеу бүгінгі күн талабы. Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі Тәуелсіз Қазақстанның «Қазақстан-2050» стратегиясы, 2025 жылға дейінгі Қазақстан Республикасы дамуының Ұлттық жоспары және басқа да мемлекеттік бағдарламаларға толыққанды сәйкес келеді. Осы мемлекеттік бағдарламалардың барлығында Мәмлүктер кезеңінде билік жүргізген тегі қыпшақ мәмлүктердің тарихи-мәдени мұраларын түгендеу жұмыстары басты назарға алынған. Сұлтан Бейбарыстың Дамасктағы мавзолейін, Каирдағы мешітін қалпына келтіру жұмыстарының жоспары жасалып, жүзеге асырылды. 2023 ж. Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығы өте жоғары деңгейде аталып өтті. Еліміздің көптеген мектеп, мешіт-медресе, көше атауларына Бейбарыс есімі берілді. Халықаралық, республикалық деңгейде көптеген ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізілді. Бұның барлығы Қазақстанның ортағасырлық тарихы мен мәдениеті үшін Мәмлүктер кезеңі және сол кезеңдегі тарихи тұлғалар, жазба ескерткіштер өте маңызды екендігін көрсетеді.

Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштердің тілдік және мәдени дереккөз ретінде атқаратын ролі өте зор.

Зерттеудің нысаны XIII-XVII ғасырларда Мәмлүктер мемлекетінде түзілген жазба ескерткіштер. Солардың ішінде «ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийа) сөздіктерінің материалдары.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты – Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштер, соның ішінде, араб-түркі-қыпшақ сөздіктерін тілдік-мәдени дереккөз ретінде зерттеу. Зерттеу мақсатын орындау үшін төмендегідей **міндеттердің** шешімін табу көзделді:

- Алғашқы араб-парсы-түркі сөздіктерінің пайда болуы және Қарахандар билігі кезеңінде түзілген Құран сөздіктерінің жолма-жол тәсілін айқындау;

- Алтын Орда кезеңіндегі жазба ескерткіштер және сөздік жасау дәстүрінің аз-Замахшаридың «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігінің мысалында зерделеу;

- Сөздік жасау дәстүрінің Мәмлүктер мемлекетіне ауысуын және алтынордалық мазмұн мен форманың сақталу үрдісін анықтау;

- Мәмлүктер кезеңіндегі сөздіктердің лексикалық қорына лингвистикалық түсініктемелер мен талдаулар жүргізу;

- «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің зерттелуі мен құрылымы бойынша зерттеулер;

- «аш-Шузур аз-захабийа» сөздігінің зерттелуі мен нұсқаларын зерделеу, қолжазбаның «мұқаддима-кіріспе» бөліміндегі тың деректерді ғылыми айналымға енгізу;

- «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің фонетикалық құрылымын бағамдау;

- «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері бойынша зерттеулер;

- Мәмлүктер мемлекеті мен Алтын Орда кезеңдеріндегі эпиграфикалық ескерткіштердің тілдік-мәдени байланыстары мен маңызын айқындау.

Зерттелу деңгейі. Мәмлүктер кезеңі мен сол дәуірдегі жазба ескерткіштер жөнінде әлемдік және отандық шығыстану, түркітану, қыпшақтану салаларында көптеген зерттеулер жүргізілді. Түркітану ғылымының көрнекті тұлғалары бірігіп жазған «Philologiae Turcicae Fundamenta» (Түркі филологиясының негіздері) атты зерттеу еңбегінде Омелиан Прицак жазған «Қыпшақ тілдері» деп аталатын бөлім «Мәмлүк қыпшақтарының тілі» деген тараудан басталады. Онда бас-аяғы 12 жазба ескерткішті атап өтеді. Соның ішінде Абу Хайианның «жоғалып кеткен» деп саналатын 3 еңбегі де (*Kitab al-af'al, Zahr al-mulk fi nahw at-turk, ad-Durra al-mudia fil-lugat at-turkiya*) бар [1, б. 74-81]. Венгерлік ғалым Т. Халаси-Кун мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерінің тілін ең алғаш болып түркі тілдері бойынша 3 диалектіге бөлді: 1) таза қыпшақ тілі; 2) таза оғыз тілі; 3) қыпшақ-оғыз аралас тіл [2, б. 80-83].

Бұл зерттеуде Мәмлүктер мемлекетінде пайда болған сөздіктерге Құран сөздіктері мен аз-Замахшаридың «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігінің Алтын Орда аумағында түзілген көшірмелері негіз болды деген тың тұжырым тұңғыш рет айтылып отыр. Ислам діні шыққан бастапқы бетте Құранды басқа тілге аударуға рұқсат болмады. Ханафи мазхабының Бұхара мектебінің ғұламалары Ахмад әл-Халуа'и әл-Бұхари, шәкірті әс-Сарахси «*егер ол алдымен Құран мәтінін (араб тілінде) жазып, содан кейін әр сөздің түсіндірмесі (тәфсир) мен аудармасын (тәржіма) сол жолдардың астына жазса, онда мұның оғаштығы жоқ*» деп берген пәтуасы [40 б. 422] негізінде Құранның парсы тіліндегі сөздіктері пайда болды. Кейіннен Қарахандар билігі ислам дінін қабылдаған соң, Құранның араб-парсы-түркі сөздіктері жазылды.

Мәмлүктер кезеңінің бастапқы бетінде, XIII ғ. түзілген «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігі мен Мәмлүктер кезеңінен кейін Османлы кезеңінде, XVII

ғасырда мәмлүк қыпшақ тілінде ең соңғы түзілген «аш-Шузур аз-захабийа» сөздігі жан-жақты зерттелді.

Мәмлүктер кезеңіндегі жазба секерткіштердің үлкен бір бөлігі эпиграфикалық ескерткіштер тілдік-мәдени дереккөз ретінде тұңғыш рет зерттелді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- алғашқы араб-парсы-түркі сөздіктерінің пайда болуына Құранның аударма сөздіктері негіз болды және Қарахандар кезеңінде жолма-жол аударма сөздік тәсілі пайда болды;
- аз-Замахшаридың Құран лексикасына негізделген «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігі Жошы ұлысында кең тарады;
- жолма жол сөздік түзу дәстүрі Мәмлүктер мемлекетіне ауысты және Мысыр мен Шам жерінде көптеген араб-түркі сөздіктері түзілді;
- «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің лексикалық қоры қазіргі қазақ тіліне өте жақын екендігі анықталды;
- «аш-Шузур аз-захабийа» сөздігінің 36 нұсқасы анықталды, бұл жәдігер ортағасырларда біртұтас түркілік кеңістікте өте көп тараған жазба ескерткіш екендігі анықталды;
- «ад-Дурра әл-мудийа» жазба ескерткішіне лингвистикалық талдау жасалды, статистикасы түзілді;
- «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігі материалы негізінде мәмлүк қыпшақ тілінің фонетикалық құрылымдық жүйесі зерттелді, мұнда 8 дауысты дыбыс, 22 дауыссыз дыбыс бары анықталды;
- «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінде түркілік қабат басым, қыпшақ тобына жататын қазіргі заман тілдерінің сөздік қоры көп сақталған;
- Мысырда сақталған мәмлүк құлпытастарында қыпшақ текті адам аттары көп, Құран аяттары, хадис, марсийалар мәтіні бірдей, құлпытас қою дәстүрі Жошы ұлысынан ауысқаны анықталды.

Зерттеудің әдістері. Жазба ескерткіштерді хронологиялық контексте салыстыру, эволюциясын анықтау үшін тарихи-салыстырмалы әдісі, сөздік мәтінінің тілдік ерекшеліктерін, графикалық жүйесін зерттеу үшін лингвистикалық талдау әдістері, ескерткіштердің нұсқаларын түгендеу, анықтау үшін археографиялық әдіс, жазу үлгілерінің дамуын, стилін зерттеу үшін полеографиялық талдау әдістері, сөздіктердің таралу аймақтары мен конкордансын анықтау үшін кеңістіктік-уақыттық талдау әдісі, ертедегі тілдік нормаларды қалпына келтіру үшін лингвистикалық модельдеу әдісі, эпиграфикалық ескерткіштерді тіркеу, фотофиксация, эстампаж арқылы жазуларды көшіру үшін деректер жинау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелерінің теориялық маңызы диссертация тақырыбы бойынша зерттеулердің ғылыми салаға қосқан концептуалдық үлесі, тілтанымдық және мәдениеттанулық теорияларға әсері қарастырылды.

Зерттеудің теориялық жаңалығы Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштердің тілдік қабатын зерттеу арқылы көптілділік пен мәдени синтез феноменына жаңа түсінік берілді. Тілдік деректерді мәдени контекстпен біріктіретін интердисциплинарлық модель ұсынылды. Ғылыми

гипотезаларды дамыту мақсатында мәмлүк сөздіктеріндегі түркі тілінің лексикалық элементтері, олардың саяси-мәдени үстемдігі дәлелденді.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық мәні:

- ескі қыпшақ, ескі қазақ тілінің тарихи-этимологиялық сөздіктерін жасауға пайдаланылады;

- жоғары және арнайы оқу орындарында жүргізіліп келе жатқан «Түркітану», «Қазақ тілінің тарихы», «Жазу тарихы» және т.б. пәндерін оқытқанда жәрдемші құрал бола алады;

- түркі тілдерінің тарихи грамматикасы оқу құралдарын, тарихи-салыстырмалы сөздіктер түзгенде қолданылады;

- кейбір ескі қыпшақ сөздерін қазіргі қазақ тілінде жоқ терминдерді түзуге пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылған тұжырымдар:

- Алғашқы араб-парсы-түркі сөздіктерінің пайда болуына Қарахандар кезеңінде түзілген Құран сөздіктерінің жолма-жол тәсілі негіз болды;

- аз-Замахшаридің Құран лексикаларына негізделген «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігі Алтын Орда кезеңінде көп көшіріліп, жолма жол сөздік жасау дәстүрін дамытты;

- Дешті Қыпшақ даласында пайда болған жолма жол сөздік жасау дәстүрі Мәмлүктер мемлекетіне алтынордалық мазмұн мен форманы сақтай отырып ауысты;

- Мәмлүктер кезеңінде Египет пен Сирияда арабша-қыпшақша сөздіктер түзілді, олардың жазылуына себеп болған Дешті Қыпшақ даласынан келген мәмлүк сұлтандары болды. Бұл сөздіктер Сарай мен жергілікті арабтар арасында тілдік коммуникация орнату мақсатында жазылды;

- шығыстану ғылымында «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің тек қана флоренциялық бір нұсқасы белгілі, әлемдік түркологияда осымен аттас қолжазбалар кездескенімен оларда оғыз, османлы диалектілер басым;

- «аш-Шузур аз-захабийа» сөздігінің 36 нұсқасын анықтай отырып, бұл сөздік ортағасырларда ең көп қолданыста болған және көп көшірілген қолжазба ретінде тану қажет. Сөздіктің «мұқаддима-кіріспе» бөліміндегі тың деректерді ғылыми айналымға енгізу маңызды;

- мәмлүк қыпшақ тілінің фонетикалық құрылымы «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің материалдары негізінде зерттелді. Нәтижесінде сөздіктің фонетикалық табиғаты қазіргі қазақ тіліне өте жақын екендігі анықталды;

- «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері бойынша зерттеулер жүргізілді, нәтижесінде сөздіктің лексикалық қорында түркілік қабат мол сақталған, фонетикалық, грамматикалық семантикасы өзгерістерге ұшырамаған деген тұжырым ұсынылады;

- Мәмлүктер мемлекеті мен Алтын Орда аумағында табылған эпиграфикалық ескерткіштердің тілдік-мәдени байланыстары өте жақын, оларда кездесетін Құран аяттары, хадистер, марсийалар біртұтас түркілік кеңістікте қолданылған.

Зерттеу жұмысының ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі. Зерттеу жұмысы Қазақстанның өткені мен болашағын бағамдау мақсатында құрылған «Қазақстан-2050» стратегиясы, 2025 жылға дейінгі Қазақстан Республикасы дамуының Ұлттық жоспары, ҚР Үкіметі қабылдаған 2003 ж. «Мәдени мұра», 2013 ж. «Халық тарих толықынында», 2020 ж. «Архив – 2025» және т.б. мемлекеттік бағдарламалардың негізгі бағыттарына сәйкес келеді. Бұл бағдарламаларда ұлттық код, халық жады, тарихи, мәдени, рухани құндылықтарымызды қайта қарау, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру, Ұлы дала тарихы мен мәдениетін тың дереккөздер негізінде заманауи зерттеулермен жаңа көзқараспен сараптап, ғылыми айналымға енгізу бағыттарына маңыздылық берілген.

Зерттеу жұмысының мақұлдануы мен жариялануы: Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда барлығы 9 ғылыми мақала түрінде жарық көрді. Оның ішінде 1 мақала Скопус (Scopus) мәліметтер базасында, 3 мақала – ҚР ҒЖБМ Ғылым саласындағы сапаны қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда және 5 мақала – халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында жарияланды.

Диссертацияның құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, «Алғашқы араб-парсы-түркі сөздіктерінің пайда болуы және оның Мәмлүктер мемлекетіне ауысуы (XI-XVII ғасырлар)»; «Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштер: «ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийа» сөздіктері»; «Мәмлүктер кезеңіндегі сөздіктер мен эпиграфикалық ескерткіштер – тілдік-мәдени дереккөз» атты үш тарауды қамтитын негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және сөздік қосымшасынан тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 199 бет